# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІНЕ ЖАДНАМА

# ПАМЯТКА ЧЛЕНУ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Астана 2007**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІНЕ ЖАДНАМА

2007 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлау болады.

Парламент Мәжілісінің 98 депутаты бара-бар сайлау жүйесі негізінде партиялық тізімдер бойынша сайланады.

Облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаттары бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Учаскелік сайлау комиссиялары Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

Учаскелік сайлау комиссияларының мәртебесі мен өкілеттіктері «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда (бұдан әрі - Сайлау туралы заң) айқындалады.

Учаскелік сайлау комиссияларын құру тәртібі, оның мүшелеріне қойылатын талаптар Сайлау туралы заңның Жалпы бөлімінің 2-тарауында айқындалады.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы сайлау тағайындалғаннан кейін жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады (Сайлау туралы заңның 13-б.).

## Учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттіктері

**Учаскелік сайлау комиссиясы:**

сайлау учаскесінде партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау шараларын жүргізеді;

учаскелік комиссияның орналасқан жері туралы сайлаушыларды хабарландырады;

тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылардың тізімін нақтылайды;

азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, тізімдердегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады;

дауыс беруге арналған үй-жайды дайындайды, кабиналар мен жәшіктердің жасалуын қамтамасыз етеді;

сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс берілуін ұйымдастырады;

дауыс санауды жүргізеді және учаскедегі дауыс беру нәтижелерін анықтайды;

дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды;

Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады (Сайлау туралы заңның 18-б.).

Егер сайлау комиссияларының отырыстарына комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, олар заңды болады (20-б. 4-т.).

Егер Сайлау туралы заңда шағым жасаудың өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін. Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң сайлау комиссиясының шешіміне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген арыз қарауға жатпайды (20-б. 9-т.).

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары сайлау комиссияларына өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсетуге, оларға қажетті мәліметтер мен материалдар беруге, сайлау комиссияларының өтініштеріне - үш күн мерзім ішінде, ал сайлау күні және оның қарсаңындағы күні дереу жауап қайтаруға міндетті (20-б. 10-т.).

## Сайлау комиссиясы мүшесінің мәртебесі

**Сайлау комиссиясының мүшесі:**

1) тиісті сайлау комиссиясының отырыстары туралы, жедел шешім қабылдауды қажет ететін жағдайларды қоспағанда, қырық сегіз сағат бұрын хабардар етіледі;
2) сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, тиісті сайлау комиссиясының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге және олар бойынша дауыс берілуін талап етуге құқылы;
3) күн тәртібіне сәйкес отырыстың басқа қатысушыларына сұрақтар қоюға және оларға мәні бойынша жауаптар алуға құқылы;
4) өзі құрамында тұрған сайлау комиссиясының құжаттарымен және материалдарымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының, Сайлау туралы заңның және өзге де заңдарының талаптарын, жалпыжұрт таныған әдеп нормаларын сақтауға міндетті;
6) өзіне жүктелген міндеттерді, сайлау комиссиясының және оның төрағасының, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдері мен нұсқауларын орындауға міндетті;
7) азаматтардың сайлау құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, шешімдер қабылдау кезінде әділ және тәуелсіз болуға, сондай-ақ кандидаттар мен партиялық тізім ұсынған саяси партиялардың қызметіне жария баға беруден аулақ болуға міндетті;
8) өзі өкілі болып табылатын саяси партияның не өзге де қоғамдық бірлестіктің шешімдерімен байланысты болмайды және олардың мүдделерін қорғауға құқығы жоқ (19-б. 5-т.).

Сайлау комиссияларының мүшелері сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңіне өздерінің қалауымен комиссияның шешімі бойынша сайлауды өткізуге бөлінген қаражаттың есебінен орташа жалақысы сақтала отырып, өндірістік немесе қызметтік міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Сайлау комиссияларының мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерінің сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңіне өздерінің негізгі жұмыс орны бойынша орташа айлық жалақысы сақталады.

Сайлау комиссиялары мүшелерінің, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерінің үстеме жұмысына, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысына, түнгі уақыттағы еңбегіне ақы төлеу сайлау өткізуге бөлінген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады (20-б. 11-т.).

Сайлау комиссияларының мүшелері сайлау өткізу кезеңінде өздерінің келісімінсіз жұмыс берушінің ұйғарымы бойынша жұмыстан шығарылмайды не басқа жұмысқа ауыстырылмайды (19-б. 4-т.).

Кандидаттардың жұбайы (зайыбы) мен жақын туыстары, сондай-ақ кандидаттарға тікелей бағынышты адамдар осы кандидат қатысатын сайлау округінде сайлауды тікелей ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін сайлау комиссияларының құрамында бола алмайды. Аталған адамдар тиісті кандидат тіркелген күннен бастап сайлау комиссиясының мүшесі міндетінен босатылады (20-б. 12-т.).

## Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық

***Сайлау комиссияларының қызметі*** алқалылық, жариялылық және ашықтық негізінде жүзеге асырылады (20-б. 1-т.).

Комиссиялардың шешімдері, осы Конституциялық заңда белгіленгеннен өзге жағдайларды қоспағанда, олардың мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Сайлау

комиссиясының оның шешімімен келіспейтін мүшелері ерекше пікірін айтуға құқылы, ол дереу жоғары тұрған сайлау комиссиясының назарына жеткізіледі және комиссия отырысының хаттамасына жазбаша нысанда тіркеледі (20-б. 5-т.).

Сайлау комиссиялары жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылатын, ал Сайлау туралы заңда көзделген жағдайларда өзгедей жолмен жариялауға жататын өз шешімдерімен барлық адамдардың еркін танысуы үшін жағдай жасайды.

Сайлау комиссияларының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар сайлау науқанын даярлау және өткізу кезеңіне кеңесші дауыс құқығын бере отырып өз өкілін тиісті сайлау комиссиясына жіберуге құқылы.

Саяси партияның кеңесші дауыс құқығы бар өкілі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, сайлау комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы, сайлау комиссиясының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға құқылы (20-б. 6-т.).

Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Депутаттыққа кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар оларға қатысты мәселелер қаралатын кезде тиісті сайлау комиссияларының отырыстары мен күн тәртібі туралы алдын ала хабардар етіледі.

Сайлау комиссиясының үй-жайында сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады (20-б. 7-т.).

***Дауыс беру күні*** дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған кезден бастап және сайлаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін сайлау учаскесінде бір мезгілде әрбір кандидаттан сенім білдірілген бір-бір адамнан, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден, Қазақстан Республикасының әрбір саяси партиясынан, өзге қоғамдық бірлестігінен, басқа да коммерциялық емес ұйымдарынан бір-бір байқаушыдан және шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатысуға құқылы (20-б. 8-т.).

Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушысының өкілеттіктері оның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрімен расталады және ол байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады. Құжаттар сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға байқаушы туралы деректерді есепке алу журналына енгізу арқылы оны тіркеу үшін көрсетіледі (20–1-б. 1-т.).

***Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары:***

1) сайлау комиссиясының отырысына қатысуға;
2) дауыс беруге, соның ішінде дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға;
3) дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде тиісті сайлау учаскесінің дауыс беруге арналған үй-жайында болуға;
4) тасымалданатын сайлау жәшігін бақылап жүруге, соның ішінде оларды тасымалдау кезінде көлік құралында болуға;
5) сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте дауыс беру барысын, дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін ресімдеу рәсімін барлық аталған рәсімдерді анық көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларда байқауға;
6) тиісті сайлау комиссиясының және (немесе) оның мүшелерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдануға;
7) сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмаған жағдайда олардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруін өткізу кезінде қатысуға;
8) учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің пайдаланылмаған сайлау бюллетендерін санау және жою кезінде қатысуға;
9) дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі жасамай, фотожазба, дыбысжазба және бейнежазба жасауға;
10) дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жоғары тұрған сайлау комиссияларына беру рәсімін байқауға;
11) дауыс беру өткізілгеннен кейін дауыс беру қорытындылары туралы сайлау комиссиясының хаттамаларымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға;
12) сайлау комиссиясы мүшелерінің назарын осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуына аударуға, оларға бұзушылықтар туралы тиісті жазбаша мәлімдемелерді, актілерді табыс етуге және табыс еткені туралы белгі соқтыруға құқылы. Сайлау комиссиясының төрағасы, оны алмастыратын адам сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың өтініштері бойынша дауыстарды санау хаттамасына олардың жасаған актілерін қоса беруге міндетті (20–1-б. 2-т.).

Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары:

1) олардың жеке басы мен өкілеттігін куәландыратын құжаттарын өздерімен алып жүруге;
2) сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдерді қабылдау рәсіміне араласпауға;

3) сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамауға;
4) сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы төрағасының тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;
5) өз ескертулерін құжатталған, шынайы және тексеруге болатын фактілермен негіздеуге;
6) Сайлау туралы заңның және өзге де заңнаманың талаптарын сақтауға;
7) алаламауға, нақты кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге міндетті (20–1-б. 3-т.).

Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы байқаушыны тіркеудің күшін жоюға құқылы (20–1-б. 4-т.).

***Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары*** Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Орталық сайлау комиссиясының жанында аккредиттеледі (20-2-б. 2-т.).

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың аккредиттелген байқаушыларына олардың сайлау науқанын өткізу кезеңіндегі қызметі үшін негіз болып табылатын, Орталық сайлау комиссиясы белгілеген үлгідегі куәлік беріледі. Аккредиттеуді жүргізу дауыс беру күнінен бес күн бұрын аяқталады (20-2-б. 4-т.).

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің:
1) сайлау процесінің барлық кезеңдеріне қатысуға;
2) сайлау комиссияларында сайлау науқанының барысы туралы ақпарат алуға;
3) дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде сайлау учаскелеріне кіруге;
4) сайлау процесіне қатысушылармен кездесуге;
5) өздерінің байқағандары, анықталған заң бұзушылықтар туралы сайлау комиссияларының мүшелерін хабардар етуге, ұсынымдар енгізуге;
6) жария мәлімдемелер жасауға;
7) дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жоғары тұрған сайлау комиссияларына беру рәсімін байқауға құқығы бар (20-2-б. 6-т.).

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері:
1) жеке басын және аккредиттелгенін куәландыратын құжаттарын өздерімен бірге алып жүруге;

2) сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдер қабылдау рәсіміне араласпауға;
3) сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамауға;
4) сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы төрағасының тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;
5) алаламауға, нақты кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге;
6) Сайлау туралы заңның және өзге де заңнаманың талаптарын сақтауға міндетті (20-2 б. 7-т.).

Байқаушылар Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе халықаралық құқықтың жалпыжұрт таныған нормаларын бұзған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы Орталық сайлау комиссиясына шет мемлекет, халықаралық ұйым байқаушысының аккредиттелуін кері қайтарып алу туралы ұсыныс енгізуге құқылы (20-2 б. 9-т.).

## Сайлаушылардың тізімдері

Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган халықты есепке алуды жүзеге асыратын органдар ұсынған мәліметтердің негізінде жасайды.

Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізіміне тиісті әкім қол қояды және ол дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын тиісті сайлау комиссиясына акт бойынша тапсырылады (24-б. 5-т.).

Нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады (24-б. 3-т.).

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады (25-б. 3-т.).

Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдерін дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда тиісті сайлау комиссиялары танысу үшін сайлаушыларға ұсынады (26-б. 1-т.).

Сайлаушылар тізіміне учаскелік сайлау комиссиясы негізгі тізімге қандай да бір себептермен енбей қалған және өзінің осы сайлау учаскесінде тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжаттарын ұсынған, сондай-ақ дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктер бойынша дауыс беретін адамдарды ғана енгізеді.

Дауыстарды санау басталғаннан кейін сайлаушылардың тізімдеріне өзгерістер енгізуге тыйым салынады (24-б. 10-т.).

## Сайлау алдындағы үгіт

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды және мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады (27-б. 1-т.).

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні (17 және 18 тамыз) кез келген үгітке тыйым салынады (32-б. 1-т.).

Сайлау комиссияларының үй-жайларынан және дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде бұрыннан ілулі тұрған баспа үгіт материалдарын сол орындарында қалдыруға болады (32-б. 2-т.).

Сайлау күні дауыс берілетін үй-жайда немесе дауыс беру пунктінде қоғамдық пікірге сұрау салуға тыйым салынады (28-б. 9-т.).

## Дауыс беруді жүргізу

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беру сайлау күні жергілікті уақытпен сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі. Аумақтық немесе округтік сайлау комиссиялары тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша дауыс беруді бастайтын және аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге хақылы. Бұл орайда дауыс беруді сағат алтыдан ерте бастап, сағат жиырма екіден кеш аяқтауға болмайды (38-б. 1-т.).

Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін уақыт пен орын туралы дауыс беру өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірмей сайлаушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ өзге де әдістермен хабардар етеді (38-б. 2-т.).

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжілістің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөнінде дауыс беретін күні учаскелік сайлау комиссиялары дауыс беру басталғанға дейін бір сағат бұрын дауыс беруге арналған учаскелерді аша бастауға тиіс.

Тиісті сайлау комиссиясының төрағасы бір мезгілде дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылардың санын реттейді; тәртіпке жауапты болады және Сайлау туралы заңның ережелерін бұзып, дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез келген адамның ол жерден кетуін талап етуге хақылы.

Дауыс беру күні сайлау учаскесінде сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Сайлау туралы заңдарын бұзған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі оның жұмысына қатысудан

дереу шеттетіледі, ал байқаушы мен өзге адамдар сайлау комиссиясының жазбаша нысанда қабылданған дәлелді шешімі бойынша дауыс беруге арналған үй-жайдан шығарылады (39-б. 2-т.).

## Сайлау бюллетеньдерін беру

Әрбір сайлаушы өзі дауыс береді.

Сайлауда дауыс құқығын басқа біреуге беруге және сол сияқты басқа адам үшін дауыс беруге жол берілмейді.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлаушыларға сайлаушылар тізімдері негізінде сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша берілуге тиіс.

Сайлаушылар тізімге бюллетеньдерді алғандығы туралы қол қояды.

Комиссияның бюллетеньді (бюллетеньдерді) берген мүшесі оларға өзінің қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді (бюллетеньдерді) алған сайлаушының тізімдегі тегінің тұсына қол қояды.

Сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының бюллетеньдерді беруге құқығы жоқ.

2007 жылғы 18 тамызда Парламент Мәжілісінің депутаттары мен мәслихаттар депутаттарын сайлауда <u>Астана мен Алматы қалаларының</u> учаскелік сайлау комиссияларына екі түрлі бюллетеньдер жеткізіледі:

1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетені;
2) қалалық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетені.

<u>Астана мен Алматы қалаларынан басқа, өзге елді мекендердің</u> учаскелік сайлау комиссияларына үш түрлі бюллетеньдер жеткізіледі:

1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетені;
2) облыстық мәслихат депутатын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетені;
3) аудандық не қалалық мәслихат депутатын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетені.

Сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлаудан кем дегенде бір күн бұрын сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен жеткізіледі.

Сайлаушылар тізіміне есептен шығару куәлігінің негізінде енгізілген сайлаушы тек қағаз бюллетеньдермен ғана дауыс беруге қатысады.

***Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру***

Жекелеген сайлаушылар денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беруге келе алмаған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясы олардың дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірілмей беріле алатын жазбаша өтініші бойынша осы сайлаушылардың тұрған жерінде дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс. Аталған жағдайларда сайлау комиссия-сының төрағасы өтініш берген сайлаушының сайлаушылар тізіміндегі аты-жөнінің тұсына тиісті белгі қояды.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастырған кезде тасымалданатын жәшіктерді сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді.

Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері байқаушыларды, сенім білдірілген адамдарды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруі туралы хабардар етуге міндетті.

Сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру үшін шыққан кезде оларға байқаушылар не сенім білдірілген адамдар ілесіп жүруге құқылы.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдас-тыру кезінде сайлау комиссиясының мүшелері, сайлау бюллетеньдерінің бүлінуі мүмкін екендігі ескеріле отырып, олардың қажетті мөлшерімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде дауыс берілген жағдайда бюллетень (бюллетеньдер) сайлаушыларға дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштерінің негізінде беріледі, олар бұл туралы өтініштеріне қол қояды.

Бюллетень (бюллетеньдер) берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтінішке де қол қояды (41-б.).

## Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін беру

Жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сайлаушы өзінің болу орнын ауыстырған кезде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлаушыға дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін табыс етеді.

Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары дауыс беру күнінен кем дегенде он алты күн бұрын есептен шығару куәліктерін учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша жеткізеді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін күні сайлаушыны оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді (41-б. 6-1-т.).

Бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысуға тілек білдірген сайлаушыларға есептен шығару куәлігі табыс етілмейді.

Берілген өтініш бойынша есептен шығару куәлігін табыс еткен учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі сайлаушылардың тізіміндегі сайлаушының тегі тұсына «ескертулер» деген бағанға есептен шығару куәлігі табыс етілгені туралы жазба енгізеді, оның нөмірін, берілген күнін көрсетеді және өзінің қолын қояды.

Сайлаушының есептен шығару куәлігін алу жөніндегі өтініші сайлаушылар тізіміне қоса тіркеледі және оны тиісті сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың тізімінен шығаруға негіз болып табылады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беретін күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады (41-б. 6-1-т.).

Жоғалып қалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді.

Есептен шығару куәліктерінің телқұжаттары берілмейді.

Есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін күні сайлаушыны оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.

Есептен шығару куәлігінің негізінде сайлаушылар тізіміне енгізілген сайлаушы тек қағаз бюллетеньдермен ғана дауыс беруге қатысады.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлаушының қолындағы есептен шығару куәлігіне сәйкес беріледі.

Сайлаушы есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі есептен шығару куәлігін табыс еткен сайлау округі мен учаскелік сайлау комиссиясының нөмірлері бойынша оған қандай сайлау бюллетеньдерін беруді шешеді.

Сайлаушыға, егер есептен шығару куәлігін табыс еткен учаскелік сайлау комиссиясы мен сайлаушының келген жеріндегі учаскелік сайлау комиссиясы бір елді мекенде емес, бірақ аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі бір сайлау округінің аумағында орналасқан болса, аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетені беріледі.

Сайлаушыға, егер есептен шығару куәлігін табыс еткен учаскелік сайлау комиссиясы мен сайлаушының келген жеріндегі учаскелік сайлау комиссиясы бір елді мекенде емес, бірақ облыстық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі бір сайлау округінің аумағында орналасқан болса, облыстық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетені беріледі.

Сайлаушыға, есептен шығару куәлігін ұсынған кезде, қалалық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетені берілмейді.

Сайлаушыға, басқа елді мекенде орналасқан учаскелік сайлау комиссиясы табыс еткен есептен шығару куәлігін ұсынған кезде, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетені беріледі.

Сайлаушы тізімге бюллетеньді (бюллетеньдерді) алғандығы туралы қол қояды да осы сайлау учаскесінде жалпы негіздерде дауыс береді.

Есептен шығару куәлігі сайлаушылар тізіміне қоса тіркеледі.

## Дауыс беру қорытындыларын шығару

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттары мен мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде барлық сайлау учаскелерінде дауыстарды санау, егер сол учаскеде Сайлау туралы заңда белгіленген тәртіппен дауыс беру уақыты өзгертілмеген болса, жергілікті уақытпен сағат жиырмада басталады. Дауыс беру уақыты өзгерген жағдайда дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады.

Дауыстарды санауды сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беру қорытындысы анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізеді, қорытындылар Сайлау туралы заңға сәйкес дауыстарды санау кезінде қатысатын адамдардың назарына жеткізілуге тиіс. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау уақыты санау басталған кезден бастап он екі сағаттан аспауға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады.

Сайлау бюллетеньдерін санау кезінде комиссия төрағасы немесе комиссияның белгілі бір мүшесі қатысушыларға сайлау бюллетенін көрсетеді және сайлаушының ерік білдіруін жариялайды.

Бұл ретте бюллетеньдер әрбір мәслихат депутаттығына кандидат, партиялық тізімін ұсынған саяси партия бойынша және жарамсыз бюллетеньдер бойынша жеке-жеке қатталып (әр сайлау түрі бойынша жеке) жиналады (43-т. 1-т.).

Дауыстарды санау әрбір кандидат, әрбір саяси партия бойынша жеке-жеке жүргізіледі. Дауыс беруге арналған жәшіктерді төраға дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін тиісті сайлау комиссиясы ашуға тиіс. Дауыс беру аяқталғанға дейін жәшіктерді ашуға тыйым салынады (43-б. 1-т.).

Учаскелік сайлау комиссиясы партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттарын сайлауда дауыс беру нәтижелері бойынша

дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Мәслихаттар депутаттарын сайлауда дауыс беру нәтижелері бойынша учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

## Сайлау комиссиялары мүшелерінің жауапкершілігі

Сайлау құжаттарын қолдан жасаған, дауыстарды көрінеу қате санаған, дауыс беру құпиясын бұзған немесе Сайлау туралы заңды өзге де бұзушылықтарға жол берген сайлау комиссияларының мүшелері жауапқа тартылады (50-б.).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сайлау құжаттарын бұрмалағаны, бюллетеньге жалған жазбалар енгізгені, дауыстарды көпе-көрінеу қате есептегені, не сайлаудың нәтижелерін көпе-көрінеу дұрыс айқындамағаны, не дауыс беру құпиясын бұзғаны үшін (ҚК 147-б.), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын (ӘҚтК 102- б.), тең сайлау құқығы туралы талапты бұзғаны (ӘҚтК 102-2-б.), дауыс берудің қорытындылары туралы немесе сайлаудың нәтижелері туралы мәліметтерді бермегені немесе жарияламағаны үшін (ӘҚтК 110-б.), егер осы әрекеттерді депутаттыққа кандидаттың сенімді өкілі, сол сияқты сайлау комиссиясының мүшесі жасаса, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық шаралары қаралған.

## Сайлау учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайларды жарақтандыру

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлауға дауыс беру арнайы бөлінген бөлмелерде өткізілуге тиіс, оларда жасырын дауыс беруге арналған кабиналар жеткілікті мөлшерде жабдықталуға, сайлау бюллетеньдерін беретін орындар белгіленіп, дауыс беруге арналған жәшіктердің қойылуы міндетті түрде дауыс беретін адамдар оларға жасырын дауыс беруге арналған кабиналар немесе бөлмелер арқылы өтіп келетіндей болуға тиіс (39-б. 1-т.).

Сайлау комиссияларының үй-жайлары жұмыс үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз етуге және жинақы орында орналасуға тиіс.

Бұл ретте байқаушылардың, сенім білдірілген адамдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау жәшіктерін, сайлаушылардың жасырын дауыс беруге арналған кабиналарға кіруін және шығуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс (39-б. 1-т.).

Сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда кандидаттың фотосуретімен және Ортсайлауком белгілеген мәліметтердің стандартты жиынтығымен, бір нысанда кандидаттар туралы ақпарат орналастырылады (28-б. 6-т.).

Сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлау құжаттамасын сақтауға қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі. Сайлау комиссияларының үлгілерін Ортсайлауком белгілейтін мөрі, сайлау құжаттарының бланкілері болады.

Дауыс беруге арналған жәшіктер дауыс беруге арналған үй-жайда учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері, қатысушы өкілдер мен байқаушылар дауыс беруге арналған бюллетеньдердің жәшікке қалай салынатынын көре алатындай дәрежеде орналасуға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады.

Сайлау учаскесіндегі дауыс беруге арналған орында міндетті түрде орнатылатын жабдықтар:

1) жазу столдары;
2) орындықтар;
3) телефон аппараты;
4) жазу машинкасы;
5) стол үстіне қойылатын лампа, сағат;
6) сейф немесе металл шкаф;
7) радиотрансляция желісіне арналған радиоқабылдағыш;
8) калькулятор;
9) толтырылған бюллетеньдердің үлгілерін және осы округ бойынша дауысқа түскен мәслихат депутаттығына кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар туралы ақпараттық материалдарды қамтыған стенд;
10) учаскелік сайлау комиссиясының дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамасының көшірмесі ілінетін стенд;
11) жоғары тұрған сайлау комиссияларының, соттар мен прокуратура органдарының телефондары мен мекен-жайларының тізбелері және Сайлау учаскесіндегі тәртіп ережелері жазылған стенд.

Ереже ірі шрифтімен басылады және қатысушылардың дауыс беруге арналған үй-жайға кіреберісте онымен танысуларына мүмкіндік беретін орында орналасады. Тәртіп ережелерінде:

- учаскеде дауыс беру күні тек сайлау комиссиясының мүшелері, сенім білдірілген адамдар, тіркелген байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде БАҚ өкілдері және дауыс беру немесе күту барысындағы сайлаушылар;

- ешкім сайлаушыны нандырып немесе оған қысым көрсетуге тиіс емес;
- сайлаушы сайлау бюллетеньдерін жеке куәлігін немесе төлқұжатын көрсеткен кезде ғана алуға тиіс екенін ерекше атап көрсету қажет. Бюллетеньдерді басқа адамдардың атынан алуға тыйым салынады;
- дауыс беруге арналған кабинада Сайлау туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тек сайлаушы ғана орналасуға тиіс (42-б. 1-т.);
- дауыс бергеннен кейін сайлаушы үй-жайдан кетуге тиіс;
- ІІБ қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайға тек комиссия төрағасының шақыруы бойынша болуы тиіс;
- ережеде дауыс беруге арналған үй-жайдағы қатысушылар сайлау комиссиясының төрағасына немесе хатшысына сайлау процесінің бұзылуына қатысты ескертулерімен жүгінуге құқылы;

12) жасырын дауыс беру үшін столмен немесе тұғырмен, орындықпен, шарикті қаламсаптармен жабдықталған кабиналар;
13) сайлау жәшіктері - тұрақты, тасымалданатын (екіден аспайтын);
14) сайлау жәшіктеріне, сайлау құжаттамасына мөр басуға немесе пломба салуға арналған құралдар.

Дауыс беруге арналған үй-жайда сондай-ақ:

1) кеңсе жабдықтары (үлкен конверттер, кеңсе желімі, қайшы, орауыш қағаз, жазатын қағаз, сызғыштар, қара не қаракөк сиялы шарикті қаламсаптар, қарындаштар, өшіргіштер, шпагат, кеңсе тескіші, сайлау құжаттамасына мөр басуға арналған құралдар);
2) өртке қарсы құралдар, апаттық жарықтандыру (аккумуляторлар, шырағдандар, сіріңке, қалта фонарі);
3) «Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы», «Учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы» деген жазулары, көшелердің атаулары мен үйлердің нөмірлері жазылған көрсеткіштер. Учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің өздерінің тегі, аты, әкесінің аты және сайлау комиссиясындағы атқаратын лауазымы көрсетілген омырауға тағатын белгісі болуға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайлардың ғимаратында дауыс беру орнының көрсеткіштері ілінуге тиіс. Егер бір ғимаратта бірнеше сайлау учаскелері орналасқан болса, онда сайлау учаскелерінің және тұрғындары осы сайлау учаскесінде дауыс беретін үйлердің нөмірлерін көрсете отырып, хабарландырулар ілінеді.

Дауыс беру өтетін ғимаратта сайлау учаскесінің нөмірі көрсетілген маңдайша орналасады. Сайлау учаскесінің аумағында дауыс беруге арналған үй-жайлардың көрсеткіштері орналасады.

---

# Дауыс беру күні қағаз сайлау бюллетеньдерімен дауыс беруді өткізу кезіндегі учаскелік сайлау комиссиясының іс-қимылдары реттілігінің НОБАЙЫ[1]

**1. Сайлау учаскесін ашу.**

Ашу кезінде кандидаттардың сенім білдірген адамдары, байқаушылар мен БАҚ өкілдері қатысуға құқылы.

Комиссия төрағасы байқаушыларды және кандидаттар мен саяси партиялардың сенім білдірген адамдарын тіркеу журналында тіркейді.

**2. Тұрақты және тасымалданатын жәшіктерге пломба салу немесе мөр басу.**

Төраға дауыс беру басталардан 30 минут бұрын комиссияның барлық мүшелері мен қатысып отырған БАҚ өкілдеріне және байқаушыларға бос сайлау жәшіктерін көрсетеді.

Жәшіктерге мөр басу кезінде байқаушылар мен сенім білдірген адамдар оларға өздерінің қолдарын қоюға құқылы.

**3. Сайлау бюллетеньдерін беру үшін жауапты комиссия мүшелерін айқындау.**

Төраға сайлау бюллетеньдерін беруге жауапты комиссия мүшелерін белгілейді.

Комиссия мүшелерінің бюллетеньдер берілгенше оларға (алдын ала) қол қоюларына тыйым салынады.

**4. Сайлау учаскесіне келіп түскен сайлау бюллетеньдерін санау.**

Бюллетеньдерді санау нәтижелері учаскелік сайлау комиссиясының дауыс беру хаттамасына енгізіледі.

**5. Учаскенің дауыс беруге дайын екендігі туралы хабарлау.**

**6. Сайлау учаскесін ашу туралы хаттамаға қол қою.**

**7. Сайлаушыларды дауыс беруге кірісуге шақыру.**

**8. Бір мезгілде дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылардың санын реттеп отыру.**

Сайлаушылардың саны көп болған жағдайда, кезек қалыптастырылады, ол сайлаушылардың дауыс беруді жүзеге асыруына кедергі жасамауға тиіс.

**9. Сайлаушыларды сайлау бюллетеньдерін алу үшін сайлау тізімдерінде тіркеу (белгілеу).**

Сайлау учаскесіне келген сайлаушы сайлау комиссиясының мүшесіне жеке басын куәландыратын құжатын көрсетеді. Сайлау комиссиясының мүшесі қағаздағы сайлаушы тізімдерінен сайлаушыны іздестіруді жүзеге асырады.

---

[1] дауыс беру күні электрондық және қағаз сайлау бюллетеньдерімен дауыс беруді өткізу кезіндегі учаскелік сайлау комиссиясы іс-қимылдарының реттілігін келесі нобайдан қараңыз.

Сайлаушы сайлаушылардың тізімінде болған жағдайда, сайлаушы өз тегінің тұсына қолын қояды.

Егер сайлаушы сайлаушылардың тізімінде болмаса, ол өзінің тұрғылықты жерінің сайлау учаскесінің шекарасына кіретін аумақта тіркелу фактісін құжат арқылы растай алады. Осы жағдайда, сайлау комиссиясы сайлаушыны учаске сайлаушыларының тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды және сайлаушы өз тегінің тұсына қолын қояды.

Сайлаушы дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде комиссия мүшесі сайлаушыны сайлаушылардың тізіміне енгізеді және оған дауыс беруге арналған сайлау бюллетенін (бюллетеньдерін) береді. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі сайлаушыдан алынады (осы Жаднаманың 12-бетін қараңыз).

**10. Сайлау учаскесінде дауыс беру**

Әрбір сайлаушы өзі дауыс береді. Сайлауда дауыс құқығын басқа біреуге беруге және сол сияқты басқа адам үшін дауыс беруге жол берілмейді.

Сайлаушы сайлаушылардың тізіміне сәйкес жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша комиссия мүшесінен сайлау бюллететенін алады.

Бюллетеньді беру кезінде комиссия мүшелері оларға өздерінің қолдарын қояды, сондай-ақ дауыс беруге арналған бюллетеньді алған сайлаушының сайлаушылар тізіміндегі тегінің тұсына қолын қояды.

Сайлаушылар әр сайлау түрі бойынша (Мәжіліс, облыс, аудан, қала мәслихаты) дауыс беруге арналған бюллетеньді алғаны туралы сайлаушылар тізіміне қолын қояды.

Өзінің болу орнын ауыстырған сайлаушылар дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсетуі бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі және барлығымен бірге дауыс береді (осы Жаднаманың 9-бетін қараңыз).

Сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының бюллетеньдерге қол қоюға және беруге құқығы жоқ.

**11. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде (тасымалданатын жәшіктердің көмегімен) дауыс беру**

Тасымалданатын жәшіктердің көмегімен дауыс беру сайлаушының дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірілмей бере алатын жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

Сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруі кезінде, егер өкілдер мен байқаушылар учаскеде болса және тасымалданатын жәшіктерді бақылап жүруге ниет білдірсе, бақылап жүреді.

**12. Сайлау учаскесіндегі дауыстарды санауды бастау**

Дауыс беруді аяқтау уақыты келгеннен кейін учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы үй-жайды жауып, дауыс беруге арналған үй-жайда орналасқан сайлаушылар ғана дауыс бере алатыны туралы хабарлайды.

Сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың дауыстарын санау жергілікті уақытпен сағат жиырмада басталады. Дауыс беру уақыты өзгерген жағдайда дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады.

Дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады.

Дауыстарды санау дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізіледі. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау уақыты санау басталған кезден бастап 12 сағаттан аспауға тиіс. Осы мерзімде сенім білдірілген адамның талабы бойынша дауыстарды қайта санау бір рет қана жүргізіледі.

- Бюллетеньдер салынған жәшіктерді ашардың алдында сайлаушылардың тізімдері бойынша дауыс берген сайлаушылардың есебін жүргізеді және олардың жалпы санын анықтайды. Сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімдері бойынша:

1) учаскедегі сайлаушылардың жалпы санын;
2) әр сайлау түрі бойынша (Мәжіліс, облыс, аудан, қала мәслихаты) жеке бюллетеньдер алған сайлаушылар санын;
3) комиссияның әрбір мүшесі берген әр сайлау түрі бойынша (Мәжіліс, облыс, аудан, қала мәслихаты) бюллетеньдер санын анықтайды.

- Пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін санау және жою.
- Дауыс беруге арналған тұрақты және тасымалданатын жәшіктердегі пломбалардың немесе мөрлердің бүтіндігін тексеру.

**13. Бірінші болып тасымалданатын сайлау жәшіктерін ашу**

Бірінші болып тасымалданатын сайлау жәшіктері кезегімен ашылады.

Тасымалданатын сайлау жәшігіндегі бюллетеньдердің саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін жасау туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуге тиіс. Егер тасымалданатын сайлау жәшігінде әр сайлау түрі бойынша (Мәжіліс, облыс, аудан, қала мәслихаты) белгіленген үлгідегі сайлау бюллетеньдерінің саны жазбаша өтініштердің тиісті санынан артық болып шықса, онда бұл жәшіктегі барлық сайлау бюллетеньдері жарамсыз деп танылады. Бұл жағдайда тасымалданатын сайлау жәшігінен алынған барлық сайлау бюллетеньдерінің жарамсыз деп танылғаны туралы акт жасалады, онда сонымен бірге осы тасымалданатын жәшіктің көмегімен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс

жерде дауыс беруді өткізген комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктер ашылғаннан кейін тұрақты жәшіктер ашылады.

**14. Тұрақты жәшіктерді ашу**

Белгіленбеген үлгідегі, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының қолы қойылмаған сайлау бюллетеньдері жеке алынады. Белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер қайта саналады, жекелеген бумаға оралып, сыртына жазу жазылады. Тек белгіленген үлгідегі сайлау бюллетеньдері саналады.

Жәшіктерді ашқаннан кейін сайлау комиссиясы әр сайлау түрі бойынша (Мәжіліс, облыс, аудан, қала мәслихаты) жеке бюллетеньдердің саны бойынша:

